

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



**Дарынды білім алушыларды қолдау туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Е ҚазҰАЗУ ДБАҚ - 402**

**Келісілді  
Сапа бойынша басшылық өкілі**

 **M. Алексеева**

**Алматы, 2024**

**Дайындағандар:**

П.Ибрагимов, А.Абдыров, А. Ералиева, А.Сманов

Осы Ереже дарынды білім алушыларды қолдаудың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі бағыттары мен шараларын айқындайды.

Ереже университеттің Фылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.

## **Мазмұны**

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Дарынды білім алушыларды қолдаудың мақсаттары мен міндеттері.....	4
3. Ережені іске асырудың негізгі бағыттары.....	5
4. Дарынды білім алушыларды қолдау шаралары.....	5

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Дарынды білім алушыларды қолдау туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Университет) дарынды білім алушыларды қолдаудың тәртібін, шарттары мен көлемін белгілейді.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Зандары, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында тәрбие жұмысын үйімдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында оқытын студент жастарды патриотизм көрсеткені және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттау қағидалары», сондай-ақ Университет жарғысы негізінде әзірленді.

1.3 Бұл Ережедегі дарындылық - университетте оқыған кезінде білім алушының бір немесе бірнеше қызмет тұрларінде қандай да бір қабілеттерінің дамуының жоғары деңгейінің тұрақты түрде байқалуы.

1.4 Дарынды білім алушылармен жұмыс зияткерлік, физикалық, көркемдік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған.

1.5 Ереже білім алушылар бірінші курсқа қабылданғаннан бастап олардың бүкіл оқу мерзімі ішінде қолданылады.

## **2. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАРЫНДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ҚОЛДАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **2.1 Ереженің негізгі мақсаттары:**

- университетте дарынды білім алушыларды анықтау, қолдау және дамытудың тұтас жүйесін құру;

- студент жастарды тәрбиелеу және оқыту стратегиясын анықтау;

- дарынды білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, олардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, болашақ кәсіби мансапты жобалауға көмек көрсету үшін тиімді әлеуметтік-білім беру ортасын нығайту.

### **2.2 Мақсаттарға қол жеткізу үшін алға қойылатын міндеттер:**

- заманауи ғылыми және педагогикалық жетістіктерді кеңінен қолдану негізінде дарынды білім алушылармен жұмыста білім беру және тәрбие қызметтерінің сапасын арттыру;

- отансүйгіштік, білім, адамгершілік, отбасы, халық бірлігі, заңға бағынушылық, еңбексүйгіштік, денсаулық құндылықтары негізінде студент жастардың дүниетанымын қалыптастыру, университеттің қоғамдық-саяси өміріне саналы, жауапты және белсенді қатысуын ынталандыру;

- дарынды білім алушыларды материалдық қолдау мен әлеуметтік корғауды дамыту;

- дарынды және қабілетті білім алушылардың республикалық, халықаралық конференцияларға, шығармашылық конкурстарға, көрмелерге, олимпиадаларға,

жарыстарға, форумдарға, оның ішінде онлайн-режимде қатысуы үшін мүмкіндіктерді көнектүү;

- студент жастардың инновациялық және кәсіпкерлік белсенділігін дамытуға ықпал ету.

### **3. ЕРЕЖЕНІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

**Ережені іске асырудың негізгі бағыттары:**

- дарынды студент жастармен жұмысты жетілдіруге бағытталған ұйымдастыруышылық-басқарушылық шешімдер қабылдау;

- дарынды білім алушыларды зияткерлік және шығармашылық қызметке неғұрлым тиімді тарту үшін іс-шараларды іске асыру.

### **4. ДАРЫНДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ**

4.1 Жалпы университеттік мәдени-бұқаралық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқаны үшін университеттің мерейтойы, мемлекеттік мерекелерге орай дарынды білім алушыларды сыйақымен немесе бағалы сыйлықтармен марапаттау.

4.2 Халықаралық, республикалық олимпиадаларға, фестивальдерге, конкурстарға, спорттық жарыстарға, турнирлерге және т.б. қатысушы білім алушылардың шығыстарын қаржыландыру.

4.3 Үздік ғылыми жобаны, стартап-жобаны әзірлеуге белсенді қатысқан білім алушыларды сыйақымен марапаттау.

4.4 Шығармашылық конкурстардың, «Жылдың үздік студенті» конкурстарының, КВН факультетаралық ойындарының, дебаттық турнирлердің, спартакиаданың, жарыстардың, фестивальдердің, байқаулардың және басқа да конкурстық іс-шаралардың женімпаздарын сыйақымен немесе бағалы сыйлықтармен марапаттау.

4.5 «Ыстықкөл» жағалауындағы пансионатқа, жазғы жастар лагерлеріне жолдама беру.

4.6 Театр қойылымдарына, концерттерге, музейлерге және т. б. тегін билеттер ұсыну.